

№ _____

Вкладчики ликвидируемых банков могут получить гарантийные выплаты КФГД до 1 мая

В настоящее время в Казахстане в процессе ликвидации находятся **9 банков**, вкладчикам которых выплачено более 98% суммы гарантийного возмещения, что составляет более 113,1 млрд тенге. При этом оставшиеся деньги вкладчики трех ликвидируемых банков могут получить **до 1 мая 2022 года** включительно. Это вкладчики АО «Банк Астаны», АО «Tengri Bank» и АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)». Вкладчики АО «Capital Bank Kazakhstan», который был ликвидирован позже, могут получить гарантийное возмещение **до 3 июля текущего года** включительно.

Заявление на выплату можно подать как традиционным способом, так и онлайн через [Электронный портал выплат \(ЭПВ\)](#), где также есть возможность проверить сумму, доступную к выплате и отследить статус обращения. С письменным заявлением депозиторы могут обращаться через банки-агенты, которые назначаются для осуществления выплат вкладчикам лишённого лицензии банка. Более подробнее с информацией об отделениях банков-агентов, осуществляющих выплату гарантийного возмещения, можно ознакомиться на сайтах банков-агентов.

После истечения срока, невостребованная гарантийная сумма будет переведена на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков в ЕНПФ для учета добровольных пенсионных взносов. Перевод, согласно Закону РК «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», осуществляется КФГД в течение 30 календарных дней. Таким образом, клиенты указанных восьми ликвидируемых банков могут ожидать перечисления своих средств в ЕНПФ **до 31 мая**, а АО «Capital Bank Kazakhstan» **до 2 августа** текущего года включительно.

Напоминаем, что вкладчику, пропустившего срок выплат по уважительной причине, стоит обратиться с письменным заявлением напрямую в КФГД. К заявлению прилагаются документы, подтверждающие уважительную причину. К уважительным причинам относятся: поступление вкладчика на воинскую службу, нахождение вкладчика за пределами РК или в местах лишения свободы, принятие наследства вкладчика и иные причины, связанные с приобретением или открытием наследства, а также другие обстоятельства, установленные судом.

Невостребованные вкладчиками ликвидируемых банков суммы гарантийного возмещения будут зачислены на индивидуальные пенсионные счета (далее – ИПС) для учета добровольных пенсионных взносов, открытые на имя вкладчиков в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан о пенсионном обеспечении.

Чтобы сумма зачислилась, персональные данные вкладчика в реестре депозиторов должны совпадать с данными в единой системе регистрации и хранения информации. Вдобавок к этому, необходимо и наличие действующего документа, удостоверяющего личность. Второе условие – наличие ИПС с пенсионными накоплениями.

Но для этого вкладчикам не стоит специально обращаться в ЕНПФ – если все условия совпадают, суммы перечислятся в ЕНПФ автоматически.

Также сообщаем, что зачисленные на ИПС невостребованные суммы гарантийного возмещения будут инвестироваться в таком же порядке, как и другие пенсионные активы. Эти суммы будут приносить инвестиционный доход вкладчику (получателю).

Более подробную информацию можно получить по бесплатному номеру 1460, а также направить запрос на info@kdif.kz, kdif@kdif.kz или задать вопрос в Telegram-чате [@kdif_ask](https://t.me/kdif_ask).

Таратылатын банктердің салымшылары кепілді өтемді

1 мамырға дейін ала алады

Қазіргі уақытта Қазақстанда барлығы **9 банкте** тарату үдерісі жүріп жатыр. Олардың салымшыларына кепілдік берілген өтем сомасының 98%-дан астамы төленген. Бұл 113,1 млрд теңгеден астам соманы құрайды. Таратылатын үш банктің салымшылары өздеріне тиесілі өтем ақшаларды соңғы күнін қоса алғанда **2022 жылдың 1 мамырына дейін** ала алады. Бұл «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ және «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ салымшылары. «Capital Bank Kazakhstan» АҚ лицензиясынан кейінірек айырылғандықтан, оның салымшыларының кепілдік берілген өтемді соңғы күнін қоса алғанда биылғы жылдың **3 шілдесіне дейін алуға мүмкіндіктері бар.**

Өтем алуға өтінішті дәстүрлі тәсілмен де [Төлемдердің электрондық порталы](#) (ТЭП) арқылы онлайн түрінде де беруге болады. Онда төленуге қолжетімді соманы тексеруге және өтініштің орындалу барысын қадағалауға болады. Сонымен қатар салымшылар лицензиясынан айырылған банктің салымшыларына өтем төлеуге тағайындалған агент банктер арқылы да өтініш бере алады. Кепілдік берілген өтемді төлейтін агент банктердің бөлімшелері туралы ақпаратпен олардың сайттары арқылы танысып шығуға болады.

Төлем мерзімі аяқталған соң, талап етілмеген өтем сомалары салымшылардың БЖЗҚ-да ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шоттарына аударылады. Бұл шараны Қор «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырады. Осылайша таратылатын сегіз банктің клиенттері өтем ақшаларының БЖЗҚ-ға аударылуын ағымдағы жылдың **31 мамырына дейін**, ал «Capital Bank Kazakhstan» АҚ салымшылары **2 тамызға дейін** күте алады.

Еске саламыз, төлем мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алған салымшы жазбаша өтінішпен Қорға тікелей жүгінеді. Өтінішпен бірге дәлелді себептерді растайтын құжаттар да қоса беріледі. Дәлелді себептерге: әскери қызметке орналасу, депозитордың шетелде, бас бостандығынан айыру орындарында болуы, салымшының мұрасын қабылдау және мұраны ашу және алуға қатысты өзге де себептер, сондай-ақ сот анықтаған басқа да мән-жайлар жатады.

Өз кезегінде таратылатын банктердің салымшыларының талап етпеген өтем сомалары Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру заңнамасында көзделген тәртіппен салымшылардың атына ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шоттарына (бұдан әрі - ЖЗШ) аударылады.

Талап етілмеген кепілдік берілген өтем сомасы БЖЗҚ-ға салымшының дербес деректері БЖЗҚ-дағы деректермен сәйкес келгенде аударылады. Бұдан басқа, жеке басын куәландыратын құжаттың болуы қажет. Сондай-ақ салымшыда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен ашылған, зейнетақы жинақтары бар ЖЗШ бар болуы қажет.

Бірақ бұл үшін салымшыларға БЖЗҚ-ға барудың қажеті жоқ – егер барлық талаптар сәйкес келетін болса, өтем сомасы БЖЗҚ-ға автоматты түрде аударылады. Сондай-ақ, ЖЗШ-ға есептелген өтем сомаларының басқа зейнетақы активтері секілді **инвестицияланатындығын** хабарлаймыз. Яғни бұл сома салымшыға (алушыға) инвестициялық табыс әкелетін болады.

Толық ақпаратты тегін 1460 нөміріне қоңырау шалу арқылы алуға, сондай-ақ info@kdif.kz сұрау жіберу, kdif@kdif.kz немесе жеделхатта [@kdif_ask](https://www.kdif.kz) сұрақ қою арқылы алуға болады.